



Қазақ ССР Мемлекеттік  
сыйлығын алған шығармалар

Ү

Ғ. Мүсеренов

Кездеспей  
кеткен  
бір  
бейне

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысы бойынша жазушы ҒАБИТ МҮСРЕПОВКЕ «КЕЗДЕСПЕЙ КЕТКЕН БІР БЕЙНЕ» шығармалар жинағы үшін 1970 жылы Қазақ ССР-ының Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығы берілді.





Ғабит  
Мүсеренов

Кездеспей  
кеткен  
бір  
бейне

ПОВЕСТЬ ЖӘНЕ  
ӘҢГІМЕЛЕР



АЛМАТЫ  
«ЖАЗУШЫ»  
1987

84 Каз 7—44  
М 88

М  $\frac{4702230200-110}{402(05)-87}$  206—87

Северо-Казанская  
областная библиотека  
им. С. МУКАНОВА  
г. Петропавловск

© Көркемделуі.  
«Жазушы». 1987

42754

012

# Кездеспей кеткен бір бейне

(ПОЭМА)



## I

Жиырма төрт жасқа жаңа ғана шыққан жас ақын Еркебұлан айналасы үш-төрт айдың ішінде ел ойында қандай биікке көтеріліп кеткенін өзі әлі сезінген жоқ еді. Бұл кезде саяси айқастарға құлағы түрік отыратын жұрт қала жақтан келетін хабарларды азды-көпті көтеріп те әкеткен, өзгертіп те әкеткен:

— Жиырма екі жасында патшаны құлатысып еді.

Жиырма үшінде Уақытша үкіметті құлатысты. Енді міне, Қолчактың жалаң қылышы желкемізде жарқылдап тұрған кезінде қазақ даласының қақ ортасына қызыл жалау орнатты! Ақын да, батыр да осындай болсын да!

Сайып келгенде жас ақынның атағын көтеріп әкеткен осы оқиғалар екені рас. Ұлы төңкерістің кейде түтінін, кейде жалынын көзі шалып қалатын дала халқы ардақты ақынның сол от-жалынның ішінде көретін. Ақын өлеңдеріндегі асқақ теңеулерді байырғы ел қаз-қалпында ұғынады. Дауыл... Өрт... От ішінде қанатын жалын шалмайтын қызыл сұңқарлар, қияға тартқан қырандар. Ұлы дауыл сол қырандардың сермей қаққан қанаттарынан тугандай сезіледі.

Ақынның ел ішіне тарап кеткен бірнеше сөздері де бар. Қалалық Совдеп құрылған күні, қызыл жалауды үйдің маңдайшасына орнатқалы қос-қолдап көтеріп тұрған екінің бірі — Еркебұлан, кең алаңды керінен тұрған жұртқа сөз сөйлеген:

— Қазақ елі, зар қағып күткен бостандығын жалындай қызыл жалау көтеріп келді. Санақта бар, санатта жоқ ел, ұрпағыңның ұрпағына кетер айнымас та бұлжымас, бақыт жолына бастар жалғыз жалау осы. Елдің арын, ердің жанын осы туды құлатпауға сал! Бұл тудың

астына еңбек елі, сені шақырамыз. Аш-жалаңаш, сені шақырамыз. Сірі алақан, шойын білек, мына туды сен ұстайсың! Тоқ қарынның тоғышарлығынан құтыл, малтасын езген малма-тымақтықтан құтыл! Бостандық, теңдік сен үшін, байлар үшін емес!— деген.

Ақынның әр сөзіндегі астарын түгел аша алмаса да қыр елі естігенін естіген күйінде жаттап әкетіп еді. Ақын атағы алдын орап алысқа тарап кетті.

Еркебұлан өзі екі жеті бойы ел аралап, әр жерде жиналыстар өткізіп, болыстық Совдептер құрып, енді қалаға қарай оралып келе жатыр. Қызу қанды жас ақын қалада уездік Совдеп құрылғалы дамыл тапқан емес, Ақын уақыты арпалыспен өтіп келеді. Байырғы елге көп нәрсені ұғындыру керек. Ғасырлар бойы бұйығып қалған, ұйлығып қалған ойды ояту керек. Жалғыз Еркебұлан емес, қаладың азғана топ коммунистері де түгел осы арпалыста.

Бүгін Еркебұлан «Қыз-мола» деген көлді жалғыз жайлаған байшікештеу бір ауылға қонып отыр. Болыс орталығынан алып келген лаушы ақ отаудың қасына түсірді де қос атты жетелеп алып кетіп қалды.

Шағындау ғана ақ отау... Байлық белгісі — көнетоздау, күн қақтылау көк ала батсайы шымылдық. Қызыл ала, торы ала сисамен тысталған көрпе-жастық шын байлықтың ауылы алыстау екенін көрсетеді. Ақ жарқын, қонақжайлық та байқалмайды. Үй иесінде бір абыржу бар сияқты.

Күндіз Еркебұлан болыс орталығында шатақ-шатқалаңы көп, ұзаққа созылған бір жиналыс өткізді. Үй орнындай ғана төмпені ортаға ала, алқа-қотан отырған жұрт алғашында ықыласты да бірауызды сияқты еді, ұзамай күні қойнында, тымақ құлақтарымен бірге жымырылған тікендер бары байқалды.

Ақын сөзін ұйып тыңдаған кедей бұқарасы анда-санда ырзалығын көрсетіп:

— Сөз-ақ!

— Құлақ естігенді көз көрмей қалмайды, осы айтқандарының қак жартысы орындалса да арман не!— десіп, мақұдасын отырды.

Сұңғақ бойлы сом денелі, қалың қара шашты қарсы қайырған, жігерлі қара көздері әсем кпылған жас жігіт шаршы топқа өзі де ұнап тұр.

— Жігітім-ақ екен! Қатын-баланы құдайға тапсырып, соңына еріп жүре берейін бе?

— Сөздерінде бір дұдамалы болсайшы!



— Өзі алданса — алданар, өзі ешкімді алдамас!— десіп қояды.

Кедей көпшілік бірі Еркебұланның сөзін мақтап, енді бірі өзін мақтап, жиіалыс бетін біржола бұрып әкетуге айналған кезде алқа-қотан отырған жұрттың алдыңғы қатары әуелі қозғалақтай бастап еді, ұзамай зілді дауыстары да шығып кетті:

— Уай, неменеге даурығасындар түге? Сөз естіртпеліндер ғой!

— От басында күл шашып, күпілдеген көпірме, жетер енді, жетер!

Кедейлер жағы аңырып қалды. Ығысып аңырған жоқ, ұтымды айтылған теңеуге орынды өткір жауап таба алмай қалды. Кедей тілі әлі күрмеле беретін. Еркебұлан да сөзіп бөлді. «От басында күл шашып, күпілдеген көпірме!» деген теңеу оған да ұнап кетіп еді. Осыны тауып айтқан кім екен деп, көзбен сүзіп, соны іздеді. Аласа бойлы, қара да емес, торы да емес, шабдар деуге келетін күнгірт түсті адам екен. Кірпігін қақпайтын бір жылап көз сияқты. Еркебұланның көзі шалғанын күтіп отырғандай — бір ауыз сөз сұрайын деп едім,— деді жылап көз.

— Сұраныз.

— Сұрасам, тап тартысы болғанда, қалай өзі, төрт арыс арғын, қыпшақ, керей, уақ болып тартысамыз ба? Болмаса, алты арыстың ізімен қоңырат, наймандар да тартысқа түсе ме?

Еркебұлан «е, ауыл арасындағы көп көкезу, езбе-ділмәрдін бірі екенсің ғой!» деп ойлады да әрі мысқылдай, әрі кекете жымшып:

— Сіз осыны шын-ақ түсінбей сұрайсыз ба, болмаса мені қысыр әңгімеге қарай жетелегіңіз келе ме?— деді.

— Жоқ, мен білгім келіп сұрап отырмын.

Жиіалыстың кейінгі жағында отырғандар өре-тұра келіп шуласып кетті:

— Ол көкезу бәрін біледі. Бос сөзге әдейі бұрмалап отыр.

— Пенде білгенді мен де білем дейтін безбүйрек Беріш емес пе!

— Берішке керіс керек!

— Жауап беруіңе қарсымыз. Арт жағында айтағы отыр, айтағы!

«Арт жағында айтағы отыр!» деген оқыс теңеу Еркебұланға тіпті ұнап кетті. Бұл — ділмәрлік емес, өз бойын жасырып, өзге бір арсызды айдап салатын атқамінер-

лер мінезіп дәл меззейтін теңеу, кедей бұқараның тілі шыға бастағанын көрсететін теңеу.

Еркебұлан оң қолын көтеріп, жұртты тыншықтырды да тап тартысы жайында тағы да біраз әңгімелеп кетті. Сөйлеп тұрып жаңағы Беріш деп аталған адамның артындағы айтағы кімдер екенін абайлады. Көнігі көз таш кетті: семізше келген, қызыл күрең жүзді, қара мақпалдан киінген, қара елтірі бөрікті баса киген шоқпар бас-шоқпар бас адамдар екен. Көздері дамылсыз жүйткіп, бірінің қойнынан шыға келіп, екінші бірінің қойнына сып етіп кіріп бара жатқан ұсақ-ұсақ қара тышқанға ұқсайды. Құлық-сықақ айтысып, әлдекімдерді мазақтасып отыр. Жез ораған қамшы саптары алдарак отырған Берішті бірі сапынан, бірі белінен түртіп-түртін қояды.

— Қадала түс, сұрай бер!— деп отырғандары анық. Қазақ құлығын терең жасыра алмайды, бәрі көрініп тұр.

Еркебұлан енді осы топты бір шенеп кетуді мақұл көрді. Әуелі түйреп жібергісі келіп еді. Ойлана қалды да оны істеген жоқ. Үлкен қауымға ой салар сөз айтты:

— Дала халқы, жаңа заман келе жатыр. Ол сенің ауыл арасындағы кер ауыздығыңа пысқырмайды да. Ол сенің бақай-құлығыңа сүрінбейді. Ол келе жатқан мандайдан соғып сұлата салар Ақан серінің құлагері де емес. Ол қара жерді солқылдата сілтеп келе жатқан от арба! Қара бұйра жал-құйрығын аспанға шаншып, қараңғы түнді қақ жарып, жарқырап келе жатқан паровоз! Сол заманыңды тез танып, екіншіне ілесе алармысың, жоқ па! Айналана адамша көз сал. Ел еңсесін көтерген кезде аяқтан шалар арамы, бірінші оқ саған арпалады. Бай мен кедей екі дай — айырма жолға жеткенде оқ қағарға сені ұстайды. Бірінші қамшы да саған тиеді, бірінші оқ та саған тиеді...

Бұл кездегі жиналыстардың бірде-бірі айғай-шусыз өткен емес. Еркебұланның сөзіне айызы қанған көпшілік даланы жаңғыртып кетті.

— Бұраң бөкес,— бұралқы, енді не айтар екенсің!

— Арқан қыши бастаған жоқ па?

Бірақ Беріштің беті бұлк етер емес, сазарып алған. Ол тағы да қолын көтеріп:

— Көмекей көрініп-ақ тұр-ау... Әттең, меңіреу болып қалған құлағы құрғыр жақсы сөзге жаттыға алмай жатыр. Анықтай кетші, шырағым, Жерді кім еңбек етсе соған береді екенсің. Ат береді екенсің, сайман береді

екенсің. Өкіметің тағы солардың қолында болмақ. Сонда дейміп-ау, түптердің түбінде бүгінгі кедей ертең байып шыға келсе, ол бейбақты қайта шоққитасындар ма?

Бұл жолы жұрттан бұрын Еркебұланның өзі кідіріп қалды. Не деген зәрлі сұрау? Түсінбегенімсіп, мылқауымсып, нысананы дәл көздеп, атар оғын аңқау даланың жүрегіне дәл тигізіп отыр. Енді ол безбұйректі жанамалауды қойып, қадағалай соққысы келіп, көзін соған аудара бергенде, жиышның орта тұсы гу етіп көтеріліп кетті.

— Өй, арам без!

— Өй, бұралқы!

Жиыш ереуілдей көтеріліп, лықсып-толқып, төмпенің төбесіне қарай еңсеріліп келеді. Еркебұланның көзі Берішке қарай созылған қолдарды бір көріп қалып еді, енді оның қай жерде домаланып қалғанын андай алған жоқ. Қалың топ айқайлап-шуласқан бойы төмпенің үстіне шыға бастады. Жиналыстың алдыңғы жағында шоқтарылған шоқпар бастарды баса-жапшып, тіземен қағып өтіп жатыр. Оларда «ей, өй!» деп ығыса беруден басқа дәрмен қалмаған тәрізді. Жаңағы айбын да жоқ, ызғар да жоқ, сықақ та жоқ.

Еркебұланның қасына үлкен бір топ жұбын жазбастан келді. Қарсы алдарында екі жігіт қолтықтап алған мосқалдау адам: иықты келген, сақал-мұртына буырыл кірген, бойшан қара сұр шал.

Төбенің түйе-тайлы құламасынан аман өтіп алған соң, қарасұр шал қолтықтап келе жатқан жігіттерді серпіңкіреп жіберіп:

— Тәңірі деген, осындай төмпешікке де өзі шыға алмайды деп демеп келесіңдер ме?— деді. Артында келе жатқан қалың топ та іркіле берді. Тасып кетсең дариядай, ығысып қалсаң құрақтайсың-ау, қайрап ел, деген ой келді ақыңға.

Қара сұр шал жақындап келіп, Еркебұланның жүзіне азғана сынай қарап тұрды да:

— Шырағым, артымнан елім айдағандай болған соң, кәрі жігер қайнағандай болып келіп тұрмып. Солай ғой, жұртым? Бүрік құлақ емес, түрік құлақтау ғана жүретін шал едім. Түнеу күні шатынап жарылған саршұнақ аяда — бұрынғы күнің адыра қалсып, нағыз күнің енді туып келе жатыр, қалың елім, деп едің. Осы бір сөзің көкейге қонып, айтары болса — бізге айтар деп, тайлы-таяғымыз қалмай келіп едік... Бұралқы сөз бұрып әкете жаздағаны қалай? Солай ма, жұртым?

— Солай болмаған несі қалды?

— Маңырап-мөңіреп, баяғы шеттеу — бір шеттеу, қалдық та қойдық емес пе!..

Шыркы бұзылмаған қыр елі қысқа тенеулермен үлкен өкпелерін бір-ақ айтты.

Еркебұлан қатты қысылды.

— Отағасы, жауапты бұралқыға берсем де сөзім сіздерге арналған еді. Жеткізе алмаған екенмін ғой. Кешіріңіз!— деп, шалға қолын ұсынды.

Әліуетті қарт ескі ұлтандай сірі алақанымен Еркебұланның қолын қапсыра қысып алды да, азғана жымпып, азғана жұмсаған үнмен:

— Еркекше тура мойындадың — өкпеміз де бітті осымен. Лайымда еліңнің маңдайына біткен еркек ұлы бол! Саған айтар ақыл бізде жоқ, саған арналған тілегіміз ғана бар. Білегің сом, алақаның әлі жұмсақ екен... Қатаяр әлі!— деп, Еркебұланның қолын босатты. Қарт көңілі әбден орныққан сияқты. Сеніп тұр, еркектік сезініп тұр.

— Енді шырағым, мына жұрттың айт деп тұрғанын айтайын... Біз мынау алаяқтардан ірге айырғалы ана бір төбенің басына жиналамыз. Жөнелеміз қазір. Сонда кел! Елге айтарыңды сол жерде айт, өзімізге айт! Келе алмасаң, амал не, ауылымызға қарай қайқая береміз!

Мұндай жиналыстың ашықтан-ашық екіге жарылғанын Еркебұлан бірінші рет көріп тұр. Оны өз сөздерінің күшімен болды-ау деген ой есіне де кіріп-шыққан жоқ. Мәңгіден бері жинала берген бітеу жара бір жарылмай қояр ма! Өзі жарылды.

Еркебұлан шалды енді өзі қолтықтап алды да, төбеден түсе берді. Қалың топ дуылдап, шал нұсқаған төбеге қарай жосылып кетті. Алақайлаған жастар шалақ қамшыларымен жаман етіктерінің қотыр-қотыр қоныштарын осып-осып қалады.

Жиналысты басқарып отырған Мырзақелді болыс бір байға жисп, бір байға нағашы дерлік адам екен. Оны Еркебұлан келген бетте сезініп, орайласа алмай қойған. Жұрт жосылып жөнеп бергенде болыс Еркебұланға арналған қатал дауыспен айғай салды.

— Полномоның жолдас, жиналысты өзін бүлдіріп кеткенің бе? Ұяты өзіңе келіп жүрсе, өкпелемессің! Қалаға жетерлік ат-көлік бізде де бар!— деді.

Еркебұлан артына жалт бұрылып:

— Лаушыңды ана төбеге жібер!— деді де кете берді.

Арт жақтан әртүрлі боқтаулар естіледі: әлдекімдер

әлдекімдердің жыртқы тымағының төбесін боқтайды. Әлдекімдер әлдекімдердің пұштиған мұрнын боқтайды. Әлдекімдер әлдекімдердің ескі етіктің жұлығынан жылтылдаған баппайын боқтайды.

Таныс әдет, жеңе алмағаның әдеті Оған жұрт мойны бұрылған жоқ. Бөлініп барып, өз жиналыстарын ашты. Еркебұлан сол жиналыс біткеннен кейін жүріп кетіп еді, күн бата осы ақ отауға келіп түсті.

## II

Отау иесі қитар көздеу, қыңыр нықтау, болса-болмаса да қисық аяқтау жаралған жігіт екен. Бір көзі саған қарап тұрса, екінші көзі айдалаға қарайды. Саған қараған көзі азғана тықыршып, жымнып қояды. Далаға қараған көзі жаңа туа бастаған жұлдыздарды түгендеп тұрған сияқты.

— Аттарың әзір ме? Болыстарың осы ауылға ат байлатып қойдым деп еді.

— Түнде жүре қоймас деп аттарды жылқыға жіберіп едік... Қоныңыз... Қала слу-ақ шақырым. Ертең жеткізіп салайық.

— Сен ауылпайдың орынбасары болуың керек. Солай ма?

— Солай еді. Енді соның өзін қойсам деп едім...

— Неге қоясың?

— Одан кәператип қолайлы ма деген ой келіп жүр...

Отаудан сұңғақ денелі, сүйкімді ғана өткір көзділеу жас әйел шығып, киіз есікті ашып ұстаған бойы үнсіз іба қылды:

— Үйге кіріңіз...

— Есенсіз бе!..

— Шүкір...

Қазір Еркебұлан сол ақ отаудың төрінде жалғыз отыр. Майда қоңыр домбыра тартатыны бар екен. Безілдетпей, бездірмей, шертіп тартып отыр. Ән мен күйдің сыртқы алау-жалауын көп көтермей, ішке бір нәзік сырларын талғандырады. Кейде ән де емес, күй де емес, бұлақтың сылдырындай, кешкі самалдың лебіндей бір нәзік үндерді қайталап-қайталап сыбырлайды да, ыңыранған қоңыр әуендерге ауысады. Мөлдір таза, ерке әуендерден әлденені іздейтін тәрізді. Таба алмай жүргені бар екені байқалады. Өзі де түсінбейтін бір қағыстар, сазды бір үндер оң мен түстің аралығындай, мұн мен сөйілдің араласындай бір бейне жасайтын сияқты. Тіл жетпесті үн жеткізіп жатыр. Тілге әлі оралған жоқ.

Ақын сол іздеудің соңында еді. Сығырайған «бестік» шам айналасына буалдыр ғана жарық түсіреді. Жас әйел бейтаныс қонағына бар ниетімен құрмет көрсеткісі келгені байқалады. Ол үйге кірсе, үй іші жарқырап кеткендей болады да, ол шығып кетсе қоңырқайлана қалады. Үй иесінде бір қозғалақтау бар. Бір кіріп, бір шығып, тыныштала алмай жүр. Бір ретте өзінен өзі — көшейік деп жатыр едік, деді де шығып кетті. Қайта айпалып келіп — әкем болыс жағында бір жиналыс бар деп соған кетіп еді деді. Сыртта біреу сый қонаққа барлы-жоқты жайынды айта отыр деп тапсыратын сияқты да, әлдеден қысылысы бар тоғышар байғұс айта алмай жүр.

Жас әйел киіз есікті ашып тұрып, үйге бір құшақ отын көтерген бала жігітті кіргізді. Жалмажан от жағылып еді, үй еңсесі көтеріліп, туырлықтың оюлары көзге шалынды. Сырлы төсектің аяқ жағына ілінген күміс жапқан ер-тұрмаң, жез ораған қыз-қамшы, от сәулесімен олар да жымыңдаса кетті.

Кешкі шай да көңілді басталды. Ақ жарқын жас әйел шайды қаймағын қалқыта, баптап құйып, ара-тұра жеңіл қалжың айтып, ақынды сөзге тартып отыр:

— Ақын қайным-ай, көрші ауылдар жайлауға көшіп кетіп, жалғыз ауыл қалғанда кез келгенінді қайтейін... Қыз-бозбаласыз ауылда екеуі екі жерде томпып отырған ерлі-байлының қасында қор болған бір кешің болат та...

— Мен ондайды жоқтай қоятын жолаушы емеспін... Ашық жүз, ақ жарқын көңілден асар құрмет болады деймісің?— деп, Еркебұлан көзін әйелге қарай аударып беріп еді, өзінің көзіне шақырая қадалған қитардың бір көзін көрді. Екінші көзі әйеліне қадалып тұр.

Еркебұлан аң-таң, абыржып қалды. Шалғай-шалыс отырған екі адамды бірдей көріп тұрған көздері кімді болса да таң қалдырғандай еді.

Шыныаяқ әперіп отырған бала жігіт қонақтың абыржып қалғанын сезініп, жымың ете түсті. Оның неге жымығанын аңдап қалған жас әйел:

— Көзіне қарасаңшы, Қайсар... Шыныақты төгіп ала жаздадың ғой...— деді.

Тегінде әйелінің аузына «көз» деген сөз іліксе-ақ өзіне тиетінін білетін қитар көздерін төмен аударды.

— Ауыл маңайында бір ат жоқ па осы? Қайсарды жібере қойсақ. Бұзау-атаң ауылының қыз-бозбаласын шақырып келер еді?— деп, әйелі еріне қарап еді. Ері қатқылдау дауыспен — жоқ!— деді.



— Мен жаяу барып-ақ шақырып әкелейін!

Қой жүн ақ шекпенді жалаң етіне киіп, бәлін ала жіппен бос байлай салған бала жігіт ұша жөпелгелі отыр. Оңтайлы да елгезек екені танылып тұр. Кішірек келген қыяқты көздерінен ой-сезімнің ұшқыр екені байқалады. Әрі ақын, әрі әсем жігітпен бірге өткен қызықты бір түй өзіне де мейрам гой. Өмір бойы есінде қалар еді!

Үй иесі бұл жолы да — жоқ! — деді.

— Немене осы, кісі қорқағымыз бар ма біздің?

Әйелінің дауысы ышқыныңқырап шықты білем, еркегі үндеген жоқ. Ауыл сыртынан ат дүбірі естілді. Үйдегілер елегізіп, есікке қарап қалыпты. Үй иесі абыржып, орнынан ұшып тұрып, қайта отырды.

— Немене, күтіп отырған біреуің бар ма еді?

Әйел дауысы әлгіден гөрі де қатқылырақ шықты.

Отауға екі жігіт кіріп келе жатыр. Ықшам киінген. Жолаушы емес, жоқ іздеген адамдар сияқты. Тағы бірер адам тыста қалғаны сезіледі.

— Кеш жарық...

— Е, төрлетіндер...

— Ақбала, денің сау ма? Мал-жан аман ба, Отарбай!

Үй иесінің аты — Отарбай, әйелінің аты — Ақбала екенін Еркебұлап осылай естіді. Осынша мейірімді, осынша іші-бауырына кіріп бара жатқан бала жанды әйелдің аты әлдекім болып шығар деп ақын ойы күдіктеніп те отыр еді. Енді орнына түсті. Ақын ойына не келмейді, әсіресе, Ұлтуған, Дәметкен сияқты болып шыға ма деп қауіптенген.

Келген екі жігіт үй-іштерімен таныс адамдарша амандасты. Еркебұланды көз қыяқтарымен бір-бір жанап өтуден әрі барысқан жоқ.

— Е, жол болсын...

— Жоқ жоғалтып, соны іздестіріп береміз.

— Ал шайға жақындандар...

Үй сыртынан — Отарбай! — деген дауыс келді. Отарбай селк етіп қалды да, Ақбала сұрланып кетті. Жіңішке қастары сынып барыл, әрең дегенде қайта жазылды.

— Бері шығып кетші!

Отарбай орнынан сасқалақтап тұра бергенде, әйелі: — Үйге ертін әкеліп жүрме! — деп қалды. Тыста Ақбаланың қаны сүймейтін, жексұрын біреудің тұрғаны байқалады. Үйге кірген екі жігіт көз құйрықтарымен Еркебұланды тағы бір-бір жанап өтті. Әйел аңдатпай ғана ым қағып, Қайсарды да далаға шығарып жіберді. Жал-

ғыз Еркебұлашан басқаның бірінде қобалжу, бірінде безіну...

Сырттан күбір-күбір ғана дыбыс келеді. Анда-санда гүж етіп қалған бір дауыс әлдекімді әлденеменеге еріксіз көндіргісі келетін сияқты. Ит қыңсылындай сезілетін екінші дауыс «әке-көкелеп» жалынғандай естіледі. Сөз естілмейді, үн естіледі. Шай құйып отырған әйелдің бет құбылысына қарап, Еркебұлашан ата жөшелгелі тұрған тұз тағысы ақ маралды көз алдына әкелді. Осындай әйелге қандай қауіп төнсе де араша түсуге әзір отыр.

Үйге Отарбаймен бірге тағы екі адам келді. Біреуі жылтыр қара сатин камзол киген, белінде қызыл мата белбеу, балуан денелі шойқара, күрек тістері сояудай аксиып тұрған, қоян жырық екен. Қасындағысы — оның көленкесіне қарай ығыса беретін жыпылық көз біреу.

Қоян жырық есіктен кірген бойы үйдегілерді түгендей бір қарап алды да:

— Аман ба, әй қатын?— деді. Қасындағысы жырк етіп қалды.

Ақбала ығысқан жоқ:

— Сенің аузына қайдағы бір жұртта қалған сөз түседі-ау!— деді.

— Е, қатын дегенге намыстанамысың? Қатын емей немене ең! Жұт жылы жарты қап бидай, жалғыз бұзаулы снырға сатылғаның өтірік пе?

— Сонда да сенің аузыңа түсе қоймағанмын. Жырылып кеткемін.

Әйел қашан да әйел ғой... Жырық аузыңнан жырылып кеткемін» дегелі тұрды да оны' айтпай, әдеп сақтал еді, бірақ «жырылып» дегеннің өзі де жетіп жатыр екен, қоян жырық үндей алмай қалды. Өр кеуде басыла берді.

Қоян жырық сасқалақтап:

— Әй-әй! Обалың көрінде өкіргір әкеңе болсын!— деді азғана түсін жылытып.

— Кімнің әкесі көрінде өкіріп жатқанын білгің келсе, әуелі Поштабай әкеңнің моласын тауып ал!

«Поштабай әкеңнің моласын тауып ал!» дегені қоян жырықты біржола сұлатып салғандай. Ашынған әйел безеріп, аянбауға бет алған.

Екі оттың арасында қалған Отарбай:

— Жоғары шық, Төке... Шайға жақында, шайға...— деп жыбырлай бастады.

— Шай ішетін мен Қараөткелдің жатағы ма едім! Болса — қымызыңды әкел! Төріңе де шықпаймын, құда түсе келгенім жоқ...

Қоян жырық шөгетін нардай еңсеріліп-аударылып барып оттың қасына отыра кетті. Сегіз таспадан өрген білеудей жуан қамшыны алдына көлденең тастапты. Қанталаған тарғыл көз адам екен. Жырығын бүркейтін мұрты да жоқ. Көсе... Бет-аузына бітетін сақал-мұрт ауысып кеткендей, саусақтары жүн-жүн, бүйідей елестейді. Еркебұланға оның өзі де бүйідей көрініп кетті. Көкірегінде бір саңылау бары байқалмайды.

Дастарқанды тез жинап, самауырды көтеріп Ақбала далаға шығып кетті. Ұзамай, Қайсар есіктен басын сұғып:

— Сізді әжем шақырады,— деді Отарбайға.

Отарбай шығып кеткен соң, қоян жырық қамшысын қолына алып, білемдей ұстап:

— Жанағы шірікті сыйладым, әйтпесе, қатышын құба жоннан ала тартып жібергім келіп еді!— деді айналасына мақтана қаранып.

— Ойбай, Төке-ау, мына бұзау тісіңмен тартып жіберсең, қатышның не жаны қалады! Елдің айтуынша, Біржан салды сілейтіп салған осы қамшы дейді ғой!

— Осы қамшы! Содан соң Біржан оңалған жоқ қой! Аяғында содан іш-құса болып жынданып өліпті.

— Ұшында қорғасыны болса керек... Солай ма?

— Бір сүйем! Қасқырды қақ мандайынан тартып жіберсең, басы екі айрылып түседі!

— Сіздің әкей Біржан салды неге сабап жүр осы?

— Е, ақын деген әңгүдік емес пе, бір ала тапшаға ара түссем деп таяқ жепті.

— Тартып кеп жіберген?

— Түйе жүн шекпен қуалай жопынан қақ айрылып, саулаған қан ақ боз аттың жаясын жауып жүре беріпті.

— Неген өліп кетпеді екен десейші!

— Тәңірі деген, әншейін сілтей салған ғой!..

Төрт жігіт бірі мақтап, бірі қостап, қоян жырықтың кім екенін ашып берді. Әлдекімнің зәресін ұшыру үшін әдейі істеп отырған сияктанады. Еркебұлан қойын дәптерін суырып алып, естігендерін қағазға түсіре бастады. Біржан салды сабаған Поштабайдың баласына кездескені қызық көрініп кетті. Баласы мынадай бітеу қара, о жар болса, әкесі қандай болды екен! Томырық, топас заманның адамы бұдан гөрі де қайуанырақ болуы мүмкін ғой!

Қоян жырықтың соңына ерген жолдастары да қызық жандар. Төртеуі де ит жылмаң, ұры көз, таңертең көрсең кешке дейін есінде тұрмайтын, көр білте жүзді жі-

гіттер. Еркебұлан қоян жырықтың оқыс мінездерін, одыраң сөздерін қағазға тізіп, ішінсі күліп отырғанда, қоян жырық оған қарай еңсеріле бұрылып:

— Сен бірдеме жазып отырмысың, жігіт?— деді.

— Жазып отырмын.

— Не жазып отырсың?

— Біржап әңгімесін жазып отырмын.

— Е, Біржап сенің неменең еді?

— Әкем десең де болады, атам десең де болады.

— Біржанның арқасына тиген мына қамшы екенін естідің ғой?

— Естідім.

— Естісең, сен де үмітіңді үзбе!

Еркебұлан манадан бері қатер нысанасы не екенін, кім екенін абайлаған жоқ еді. Бұл жолы да өзім екен деп ойлаған жоқ. Даланың меңіреу сотқары көрінгенге соқтыға кететін әдеті бар, сол екен деп қалды да, бей-жай жымнып:

— Сен, сірә, қамшыдан гөрі де бата тиетін қару ба-рын естіп пе ең?— деді.

— Не дедің, әй?..

Сыртқы есік ашылып, бір тегене қымызды қолдасып көтерген Отарбай мен Қайсар кірді. Олардың артып ала кірген Ақбаланың көздері от шашып келеді. Басындағы жаулығындай ақ сұрланып алған. Сол от шашқан көздер бірден Еркебұланға қадалды. Ақып жүрегі селт етіп, осы үйдегі қауіп өзіне төнгенін сонда түсіңді.

— Беретін болсаң берсеңші қымызыңды!— деп, қоян жырық енді үй несіне ауысты.

— Қазір, батырскесі, қазір, мінекей, Төке!..

Отарбай біреу суға салып сабағандай, бет-ауыздың сай-саласынан тер сорғалап кетіпті. Әлгінде ғана еркек сияқты еді, енді құлдай күйбелең, жаңбырдап ыққан ешкідей бүрісіп, кішірейіп кеткен. Тегі, әйелі біраз алқымдап алған сияқты.

Ақбала еркегін төменірек сырыңқырап жіберіп, қымыз ожауды өз қолына алды. Біріне-бірін сұғып топтап қойған қымыз аяқтарының ішінен әдемі бір шаған тостағанды кімге арнап отырғаны анық. Қоян жырық Отарбай қымыз құйып берген аяқты басына көтере салып, қайта ұсышып еді, Ақбала оған кезек күттірін қойды.

— Қайсар, қонаққа апар...— Шаған тостаған ақыры Еркебұланға кетіп барады.

Сұңғыла Қайсар аяқпен бірге Еркебұланның қолына бір жапырақ қағаз да қыстырып кетті. Басқалардың кө-

зі әдейі ала қолданып отырған әйелде еді. Қоян жырықтан бір оқыс мінез де күткен. Еркебұлан қағазды әлі тізесінде отырған қойын дәптерінің арасына салды да, кейін оқыды.

Үй іші тым-тырыс. Қымыз сапырылғанымен, қымыз ішілгенімен, іштей атысып отырған адамдар тіл қатыса алар емес. Көздер ғана бірін-бірі кезек жанап өтеді. Қоян жырықтың көздеріне түскен от сәулесі шұбартынылып, оның ой түбінде шұбартып жатқан ордалы жылан барын елестеткендей. Ақбала көзінде мазасыздану бар. Еркебұлан қағазды оқыған сияқты еді, бірақ, әлі бейғам отыр. Ақ маңдайы кең, жарқырап, қиықты қара көздерінде мысқыл ізі ғана бар. Әйел шыдамы таусыла бастағандай, Еркебұланды көзімен қамшылап қояды.

Тыстан қатты жүріп келіп тоқтаған тарантас арбаның тырсылы естілді. Әйел көзі Еркебұланға «кешіктің-ау!» дегендей мұңайған өкінішпен қарады да, мұздап жүре берді.

— Бала, екеуіміз далаға шығып келсек қайтер?— деп, Еркебұлан орнынан тұрды. Сұңғақ бойлы, жауырынды жігіт екен. Қара шұға сым шалбар, білік өкше қисық табан, тік жағалы қара шұға көйлек, күміс жапқан жінішке ғана кавказ белбеуі, бәрі жарасымды. Тұлғалы денеге бәрі қонып тұр.

— Жүріңіз, — деп Қайсар киіз есікті аша берді.

Еркебұлан баяу қозғалып, көз қырымен Ақбалаға ғана қош айтып, есікке қарай бет алғанда, от басында отырған қоян жырық атып тұрды:

— Қайда барасың?

— Далаға шығам демедім бе?

— Шықпайсың! Орныңа бар!

— Жоқ, мен шығатын болармын.

— Өй, Біржан әкеңнің аузын!

Бұзау тіс қамшы құйрығын шанышын алып, қайқайып барады. Сілтеп қалса болды, жаурын ортадан сарт етеді. Үй тарлық қылмаса, аянайын деген түрі жоқ.

Еркебұлан құлашын жазбай-ақ қоян жырықты шықшытынап ала түйіп жіберді. Шапшаң екен, көз ілескен жоқ. Күре тамырдың шықшытпен іргелесер тұсынан ұрды. Қоян жырық қамшы сілтеуге шалқая берген бойы шалқасынан түсті. Өліп жүре бергендей сұлық жатыр. Бокс ұрыстарынан хабары жоқ қара күш қалай ұшып түскенін білген де жоқ. Басы төрге қарай, сол жақ аяғы жанып тұрған отты көсей құлапты. Күнде қолының ма-

йын сүртетіп кең қоныш, бұзау бас былғары етік шыжылдай бастады. Шүберек шалбардың тақымынан от жылт етті.

Үйге Қараөткел саудагерінің баласы ноғай жігіт кіре берді. Басында қара тақия, екі төс қалтаның арасына көлденең керілген күміс сағат бау Еркебұлан оны бірден тапты. Көздері бұлттың, семізшелеу, өзінше сәнді киінімін деп ойлайтын, тайыншабұқалау жігіт болатын. Бұл кезде қалада Совдеп, мұсылмандар қауымы, Уақытша үкімет комиссары сияқты бірнеше өкімет барды. Жаңа кіріп келген саудагер баласы әкесімен екеуі қосарлана жүгіріп, жиналыстарда ылығы қай жеңген жағына қосыла кететіндіктен «қос қоржын» атанған. Адам баласының қашаннан бергі тіршілігінде ең арамы да, ең арсызы да саудагер екені даусыз ғой. Еркебұлан бұларға аса жеркөніп қараушы еді. Оларды Совдептің маңына жолатпайтын.

Ноғай жігіт үйге сәлем бере кірді де, есікке жақындап қалған Еркебұланға қолын ұсынды. Еркебұлан оны байқамаған болып далаға шығып кетті..

Түн көзге түртсе көргісіз қараңғы екен.

Еркебұлан қараңғыға көзін үйретіп азғана тұрып қалды. Бұл не? Ешкіммен өштесі-кектесі жоқ еді ғой. Ойына манағы жиналыста айтылған «артында айтағы бар!» деген сөз түсті. Ие, манағы топас шабдар да айтақ. мыналар да айтақ..

Іргелес тігілген үлкен үйдің киіз есігі ашылып, қара мақпал жеңсіз, қына-сары қос етек көйлек киген жас қыз үйге кіре берді. Үй ішінен түскен жарық бір сәтке ғана қыз жүзін жарқ еткізіп көрсетті де, жұтып жіберді. Өзге дүние есінен шығып кеткен жас ақын жабылып кеткен есікке тесіле қарап тұрып қалды. Қозғалар емес. Ол қыз келбетінен қат-қабат армандай сезімдер ұстап қалды. Қорыққан жан, қуанған жан, азғана мұны бар. Жігіт арманы құралай көз, қиғаш қас болушы еді ғой. Ақын оны сезінген жоқ, өзгені сезінді. Сирек кездесер бақытты бір сәт екі-үш түрлі қарама-қайшы сезімдердің тірі бейнесін көрсетті. Ақын ырғақ іздейтін, ақын көркемдік іздейтін, ақын ішкі сезімнің ішкі-сыртқы бейнесірін іздейтін. Қазір ол соны көрді. Қыздың кім үшін қорыққаны да, не үшін мұңайғаны да есіне келменгі. Тек қана қайтып кездеспес бір бейне Жалғыз-ақ сол!

Қайсар Еркебұланды сүйірелей жетелеп үй сыртында байлаулы тұрған аттарға әкеле жатыр.

— Жүріңіз, аға, мыналар, сізді өлтіруге жиналып



жатыр! Төртеуі де канды кол қарақшы... Мына торы төбелге мінізі! Жырық-қараның аты. Жел жетпес деген ат. Сүріне білмейді. Мен мына көк бестіге мінемін... Бұ да жүйрік... Ал кеттік...

Ақ отаудан үрейленген дауыстар естіледі.

— Өлтіріп кетті ме өзі? Төке, Төке!

— Су әкел, су!

Еркебұлан есеңгіреп қалған жайда жер тарпып тұрған торыға мінді. Жаңағы бейнені ұмытып қалар ма екен! Отыра қалып, жазар ма еді. Арпалыс заманы тағы бір кездестіреп ме, жоқ па?..

Екі салт әуелі аттардың тақымын жаздырып, азғана шекітіп аяқдатып, азғана желе-жортқызып алып, шоқыта жөнелді. Арт жақтан «кетті, әкетті!» деген жапталас айғайлардың лебі келді...

— Аттан, аттан, аттан!..

### III

Жас қыздың өміріне естен кетпес бір күн қосылған тәрізді. Манағы ұрыс-керістің у-шуы басылған соң, шешесінің іргесіне келіп жата қалып еді, таң атқанша ұйықтай алмады. Іші-тысы күйіп бара жатқандай, алқына береді, аунақши береді. Көңілінде үлкен бір қуаныш бар, күлімдеп қояды. Көңілінен қорқыныш іздері де өше қоймаған — қабағы түйіліп, тұла бойы дір етіп қалады. Қыз жүргі кеудесін тепкілеп жатқандай, дүрсілі естіледі.

Кеше түске тармаса, бар сүйегін сыртынан санап алғандай арық атанды бөшкелі арбаға жегіп, Қайсар екеуі су әкелуге барып еді. Көлдің бұл ауыл жақ жағасы жарқабақ екен. Суды жаяу тасуға тура келді: Қайсар екі шелекпен тасымалдайды, Ақлима арбаның үстінде тұрып бөшкеге құяды. Ара-тұра біріне-бірі су шашып қалады. Жарым-жарты су бөшкенің ішіне құйылады, жарым-жартысы — сыртына. Шөгіп жатқан атанның асты көлдеуге айналды.

— Балалар, байқап ойнаңдар... Мұндай ойынның арты бірдемеге апарып соқпай қоймайтын...— дегісі келгендей кәрі атап басып шайқайды. Күйісін тоқтатып, паразы дыбыс береді. Жауыр жамбасына су шашылғанда баж етіп қалады. Бөз дамбалдың балақтарын сап ортасына дейін түріп алған жалаңаш Қайсар бұл ойынан жалығар емес. Ақлима белуардан су болды. Қызыл-

шұбар сиса көйлек құлып мүшелі қыз денесіне жабыса бастады. Ойып ересектеніп бара жатқан сияқты .

Шелек түбіне әдейі іркіп қалған суды Қайсардың басына ақтара салды да, Ақлима арбадан түсе берді:

— Енді өзің гасып, өзің құй! Мен үсті-басымды кептіріп алам.

Ақлима ұзацқырап барып, жарқабақтан көл жағасына түсіп кетті. Манадан бері екеулеп жүріп бөшкені толтыра алмаған екен. Төгілген су боз көделердің арасынан жол тауып, жыландай ирелеңдеп көлге қарай құйылып жатыр. Қайсар жалғыз жүріп бөшкені тез толтырды. Енді қараса Ақлима көлдің ортасына таман жүзіп жүр екен. Сермеген құлаштары көрінеді. Арқасы күнге шағылысып жарқ етіп қалады. Қайсар солай қарай жүгіре жөнелді. Ойында ешнәрсе жоқ, күліп жүрген қалпы. Әурелемек, ойнамақ...

Қайсар жар қабаққа жеткенде Ақлима да судан шыға беріп еді. Бала жігіт өмірінде бірінші рет жалаңаш қызды көрді. Тарқатылып кеткен ұзын қара паш сол жақ кеудесін ғана жауып кетіпті. Қайсар жарқабақтан секірген бойы қыздың қарсы алдына келіп түсті де, қалшып тұрып қалды. Алқынып, қызып, ганаурап барады. Көздері шылаулашып, демін әрең алып тұр.

Ақлима шошышып кетіп — «Өй!» деп қалды да күн көзінде жаюлы жатқан көйлегін тез алып, алды қалқалай беріп: — «Кет!» — деді Қайсарға.

Бала жігіттің ситігі басылып, нықтары салбырай берді. Ұялды да бұрылып кетті. Буындары босап, тізелері қақтығысып барады. Құлақтарына дейін қызарып кеткен.

Қайсар мен Ақлима бірге өскен, бір ауылдың балалары еді. Бірін-бірі жылатып өскен, бірін-бірі уатып өскен. Бірге күліп, бірге жылап өскен. Бірінің ұл, бірінің қыз екенін ажыратыспай өскен. Соңғы төрт-бес жылда Қайсар әркімге жалданып, кездеспей кетіп еді, Отарбайдың үйінде қайта кездесті. Бұл жолы екеуі де ұялар шаққа жеткендерін тапты. Бірі қыз, бірі жігіт болып қалған екен.

Сонымен бірге Қайсар бұл жолы Ақлиманың көздерінен қорқып та кетті. Әр кезде мейірім төгіп тұратын, әсіресе, қуаңғанда қыз жүзіне ерекше бір нұр төгіп жіберетін әдемі көздер, бұл жолы жарқ етіп қалғанда найзағайдай түйреп жіберді.

Әлгіде екеуі ауылдан шыға бере қосылып, ән сала жөнелген. Тап сол шақта екеуі де бала еді. Кәрі атан

басын шайқап:— Балалар, байқап ойнандар,— дегісі келген кезде де бала еді. Сол әдемі балалық шақ үзіліп кетті. Енді екеуі де тым-тырыс. Қазақ арбаның екі арысына теріс қарасып мініп, томсырайып қайтты. Бұлай келе жатқандарынан әлдеқандай секем ала қойған сұңғыла Ақбала қабағын шытып:

— Ақлимада жұмысың болмасын... Жайыңа жүр!..— деді Қайсарға.

Өздері сезініп, өздері өкініп қалған жайды Ақбала шегелеп жібергендей болды. Әсіресе қыз жүрегіне тық ете түсті.

Ақлима ойы кешке дейін осы бір «Жайыңа жүр!» дегеннің айналасынан ұзай алмай қойды. Маңа суға түскенде аяғына балдыр орала беріп еді, бұ да ойына солай оралып айрыла алар емес. Бала жасынан достасып өскен Қайсармен екі арасына тыйым шымылдығы түсіп қалды. Күні бойы екеуі де бірінің қасынан бірі ығысыңқырап өтіп жүр. Қызық екен-ау!..

Күндіз бір салт атты келіп, лау апаратын екі ат әзірлетіп кетіп еді, кешке қарай тағы біреуі шапқылап келіп, аттарды жылқыға жібергізді. Күн бата Еркебұлан келді. Осыдан бастан Отарбайдың үйіне үлкен бір қарбалас кірді.

Қарбалас Отарбайдың өзінен басталып кетті. Отауда азғана отырды да, қонақты жалғыз қалдырып үлкен үйге келеді. Қызарыңқырап, терленкіреп келеді.

— Байғұс-ау, қонағыңды жалғыз қалдырып, неге тыншыға алмай жүрсің?— деп сұрады Ақбала.

— Қызық жігіт екен өзі, кәператипінде қанша мүше бар деп сұрайды...

— Сен не дедің?

— Әзір жалғыз өзім... Кейін бір біркөңшік аламын ғой дедім.

— Ол не деді?

— Күлді де, үндеген жоқ.

— Бар сөйлескенің осы ма?

— Мүшелік жарна деген бір бөлесі бар екен, соны сұрады.

— Ие?

— Бізде мүшелік жарна дегенді ешкім білмейді деп едім, онда кәператип жұмысын қалай жүргізбексің, қаржыны қайдан аласың деп тағы қадалды. Ақша тауып береміз деп жүрген бір-екі адамым бар еді деп әрең құтылдым.

— Оның дұрыс екен деді ме?

— Әй, менің Мәңкүр-Нәңкүрім сен бе едің, неменеге қадала қалдың?

Отарбай ашутанып шығып кетті де, ұзамай қайтып келді:

— Қонақ жігіт қой сойма деп жатыр...

— Қой сойсаң қонақтың өзінен сұрап союшы ма едің?

Манадан бері ерімен жөндем сөйлесіп жүрген Ақбаланың дауысы шырға бастады. Келген қонақтың ақын болып шыққанын жас әйел қуаныш етіп еді. Осы көл басында жалғыз ауыл қалмаса, мұндай ардақты қонақ кездесер ме еді, жоқ па? Пайғамбар, әулие дегендерге ат үсті қарайтын, төре дегендерге жиіркене қарайтын қазақ еліне ақыннан асар ардақты жоқ. Көңіл ашар, шер тарқатар ән мен жырдың бәрі ақындардан қалған ғой. Қызық емес пе, көзіне көрінбейтін, қолға ұстауына келмейтін ән мен өлең ғасырлар бойы ел ойында қала беріпті, қорлана беріпті, оята беріпті, сергіте беріпті. Ақын мен әншіге осылай қарайтын елдің қызына әлдеқалай кездескен ақын қонағының сый-құрметі жетіспей жатқан сияқты. Ақбала осыған қатты күйзелді. Тұла бойы өлең мен әнге толы ақын алдында Отарбайы мылқауға айналған сияқтанады.

Кешеден бері Отарбайдың мінезі тіпті түсініксіз болып кетті. Өз үйінен өзі бірдемені ұрлағысы келіп жүрген адам ба дерсің. Әлсін-әлсін желкесін қаси береді, шайып төгіп ала береді. Алдыңғы күні басқа ауылдармен бірге жайлауға көшкелі әзір отырып, көшпей қалды.

— Болыстан бұйрық алдым, ертең бір полномошн өтеді екен, соған ат байлату керек болып қалды,— деп еді. Кеше сол полномошны келердің тап алдында аттарды жылқыға қосып жіберді.

— Әй, сен осы неге қипалақтап жүрсің?.. Келетін, қонақтың полномошн емес, ақын екенін біліп пе едің, жоқ па?

— Оның саған не керегі бар? Наныңды дұрыстап иле!

— Нан илеуді маған үйретпей-ақ қой. Бірақ, келетін қонақ осы ақын екенін біле тұра айтпаған болсаң, нан илеудің қандай болатынын көрерсің!

Жас қыз — Ақлима ерлі-байлы адамдардың шалғай шалыс керістерін тыңдағысы келмей далаға шығып кетті. Жазғы тұрғы қоңыр іңір. Ыңыранып бусанып жатқан жер... Қыз құлағына дүние тіршілігінің мол үні келеді. Қолде қаз қаңқылдап қояды. Қыз-қырқындай шуласып күліскен шағалалар үлкен тойдың үстінде сияқты. Ма-